

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жүрекке жылу сыйлаған аялы алақанЖАРИЯЛАНДЫ
15.11.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/110180/>**Жүрекке жылу сыйлаған аялы алақан****«Өмірдің бір қызығы - бала деген»**

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Баланың өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады. Қай халық болмасын ұрпағының тәрбиесіне терең мән беріп, болашағына үнемі алаңдаушылықпен қараған. «Отан отбасынан басталады» — демекші, осы мәселеге ата-аналар мен ұстаздар қауымы болып біріге атсалысса, алар асуыдың биік болары сөзсіз. Алайда, әртүрлі себептермен ата-аналарынан айрылған балаларды тәрбиелеу үшін жауапкершілігі жоғары жүк қамқоршыларға жүктелген. «Қамқорлық» дегеніміз адам бойындағы мейірім-шапағаттан тұратын ізгілік. Қиналған жандарға аяушылықпен қарау, қол ұшын беру, көмектесу, жанашырлық көрсету, жылы жүректілікті білдіреді.

Елімізде тәуелсіздік жылдарынан бастап балаларды қорғау шаралары кешенді түрде қарастырыла бастады. Бүгінде Қазақстан Республикасы бала құқықтарын сақтау бойынша заңнамалық тетіктерді жолға қойған ел. Бала құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар мен үкіметтік емес секторлар біріге жұмыстар атқаруда. Бұл әсіресе балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, әлеуметтік әлсіз отбасылардағы балаларға материалдық көмек, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету сияқты іс-шараларда айқын көрінуде.

Алақан жылуын, мейірімділікті аңсаған әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялатып, бақыт сыйлау бәріміздің борышымыз. Ендеше, болашағымыз жарқын, ұрпағымыз бақытты болсын десек, бір-бірімізге қолдан келер қамқорлығымызды аямайық! Балаларға деген жүрек жылуын бөлісуге атсалысып, ыстық ықылас пен аялы алақандарын созып, балғын бөбектерге адамдық мейірімділік пен жомарттық танытқандары үшін қамқоршыларға алғысымызды білдіреміз. Бала - бауыр етіміз. Сондықтан да балалардың өмірі жарқын болсын! Бес түлейтін балдырған - ертең ел туын желбіретер ер! Ел ертеңіне қамқор болайық!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.